# Аймақтың білім беру саласындағы өзекті мәселелері талқыланды

АЙМАҚТЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАУ МАҚСАТЫНДА «МАҢҒЫСТАУ ЖЕРГІЛІКТІ БАСТАМА ОРТАЛЫҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ «ЗАМАНАУИ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІ», «ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКА – СТУДЕНТТІҢ КӘСІБИ ӘЛЕУЕТІН АШУДЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ» , «БІЛІМ МЕН ӨНДІРІС АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС: ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ДАМУ ЖОЛДАРЫ» ТАҚЫРЫПТАРЫНДА ДИСКУССИЯ СЕРИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРДЫ. ОНЛАЙН ДИСКУССИЯҒА ОБЛЫСТЫҚ КӘСІПКЕРЛІК ПАЛАТАСЫНЫҢ АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМЫТУ БӨЛІМІ БАСШЫСЫ ӘДІЛБЕК ҚОЗЫБАҚОВ, ТӘЛІМГЕР ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ ЗЕЙНЕП ТАСТЕМІРОВА, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӘСІПКЕРЛЕРГЕ КӨМЕК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСШЫСЫ НҰРГҮЛ ОРАЗАЛИЕВА, СОНЫМЕН ҚАТАР КОЛЛЕДЖ ДИРЕКТОРЛАРЫ, ӨНДІРІСТЕ ОҚЫТУ ШЕБЕРЛЕРІ, ОҚЫТУШЫЛАР, СТУДЕНТТЕР ҚАТЫСТЫ. ДИСКУССИЯЛАРДА ТАРАПТАР ӨҢІРДЕГІ КАДР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕРІМЕН БӨЛІСТІ.

Колледждің материалдық техникалық базалары заманауи жабдықтармен қамтылған, екініштісі өндірістеріміз артта келеді, олар өнім өндіру мен қызмет көрсетуге қолданатын технологиялары моралды ескірген. Колледждердің өнім өндіріп нарыққа шығаруға шектеулер қол байлап отыр. Өндірістік практика кәсіпорындарда туризм колледжінде жолға қойылғаны қуантады, бірақ Ақтау қызмет көрсету колледжінде тігінші мамандардың кәсіпорындардағы өндірістік практикадағы тәжірибе алуы қанағаттанарлық емес, – дейді колледж директоры Ілес Нұрадинов.

Тәлімгерлерді дайындау, студенттер тарапынан мамандық таңдауында қателік кеткен жағдайда, жақсы көретін мамандыққа ауысу мүмкіндігін қарастырып кәсіпорындарға қажет, сұранысы бар мамандықтарды дайындау қажеттілігі бар, – дейді облыстық кәсіпкерлік палатасының адами капиталды дамыту бөлімінің басшысы Әділбек Қозыбақов.

Еңбек нарығының талаптары мен студенттердің кәсіби дайындық деңгейі арасында алшақтық бар. Теориялық білім бар, бірақ практикалық тәжірибе жеткіліксіз. Жастар жаңашылдыққа бейім, бірақ нақты кәсіби ортада өздеріне сенімді емес. Әсіресе маман даярлауда коммуникация, креативтілік, командада жұмысқа мән берген дұрыс. Маман даярлағанда осы мәселерге жеткілікті назар аударса екен,– дейді республикалық кәсіпкерлерге көмек беру орталығының директоры Нұргүл Оразалиева.

Бірнеше жыл бұрын студенттер өндірістік практикаға өз беттерімен орналасып, нәтижесінде олар өз мамандығы емес көбіне басқа салаға кететін еді. Мемлекеттік тапсырыспен дайындалған мамандарды жұмысқа орналасуы бойынша мәлімет жинағанда көбіне өз саласына бармайтыны анықталатын. Маңғыстау жоғары политехникалық колледжін өндірістік практикаға студенттерді 2 курстан бастап жіберіп, алып жатқан мамандығына бейімдеу жұмыстары жолға қою арқылы шешімін тапқан.

Бейнеу политехникалық колледжінде өндірістік практика колледждің заманауи жабдықталған шеберханасында өндірістік оқыту шеберлеріне өндірістен қол үзбей жұмыс жасайтын мамандарды тарту тәжірибесі жақсы нәтиже беріп отыр.

Осыдан он жыл бұрын WorldSkillls халықаралық чемпионатқа 1 құзіреттілікпен қатысып бастап еді, бүгінде 30-ға жеткені көңілді қуантады. Студенттердің өндірістік практикадағы шынайы тәжірибесін симуляторлар мен тренажерлар алмастыра алмайды, – дейді тәлімгер орталығының жетекшісі Зейнеп Тастемірова.

Маңғыстау энергетика колледжінің бітірген мамандарға сұраныс жоғары, бірақ өз мамандығымен жұмыс жасайтын түлектердің үлесі төмендігі, тәжірибесі жоқ түлектерді кәсіпорындар жұмысқа алуға құлықсыздығы, коммуналдық мекемелерде жалақы төмен болғандықтан жас мамандардың қызығушылығы төмендейтітініне әсер етіп отыр.

Қарақия кәсіптік колледжі аудандық жерде орналасқан, энергетика колледжімен өндірістік практиканың деңгейін салыстыруға келмейді. Ауылдық жерде ірі кәсіпорындар жоқ, шағын кәсіпкерлік саласындаға практикамен шектеліп отырмыз. Дуалды оқытумен 35% қамту ауылдық жердегі түрлі саланың мамандарын дайындап отырған оқу орындары үшін орындалуы қиын көрсеткіш, осыны төмендету керектігін колледж директоры Өтебаев Мәзілбек атап өтті.

Дискуссиялар сериясы цифрландыру жағдайында өндірістік практиканы ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін талқылау мақсатында «Цифрландыру жағдайында өндірістік практиканы ұйымдастырудың жаңа тәсілдері» тақырыбындағы вебинармен қорытындыланды. Вебинар барысында «Медиана» ЖШС директоры Өмірбек Құрбанбаев цифрландыру дәуірінде өндірістік практиканы ұйымдастырудың өзекті мәселелері; заманауи цифрлық құралдар мен платформаларды қолдану жолдары; білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыруда цифрлық экожүйелердің рөлі; дәстүрлі және онлайн (виртуалды және онлайн) практикаларының салыстырмалы анализ жасады. Сонымен қатар арнайы шақырылған сарапшылар тәлімгер орталығының жетекішісі Зейнеп Тастемірова, республикалық кәсіпкерлерге көмек беру орталығы директоры Нұргүл Оразалиева онлайн режимде өндірістік практикадан өту мүмкіндіктері бар салаларға тоқталды. Маман даярлаудағы өзекті мәселені талқылау үшін қажет шара дейді дискуссия қатысушы тараптар.

**Жақсыгүл МАХАНБЕТОВА,**
Маңғыстау жергілікті бастама орталығы қоғамдық қоры директоры.

№587

# Әдеп жөніндегі уәкілдің рөлі

БҮГІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН КӘСІБИЛІГІН АРТТЫРУДА, ҚЫЗМЕТТІК ЭТИКА ТАЛАПТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ РӨЛІ ЕРЕКШЕ. БҰЛ ИНСТИТУТ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ, ӘДЕП НОРМАЛАРЫН ТҮСІНДІРУ, ҰЖЫМДА ҚОЛАЙЛЫ МОРАЛЬДЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА ЕНГІЗІЛГЕН. ОСЫ МАҚСАТТА ӘР МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДА ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ.

Әдеп жөніндегі уәкіл – әділеттілік пен адамгершілік қағидаттарына негізделген жауапты миссияны атқарып отырған тұлға. Оның жұмысы мемлекеттік қызметтің беделін көтеруге, халықтың билікке деген сенімін нығайтуға бағытталған. Мемлекеттік қызметшілерге қызметтік мінез-құлық нормаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді, сондай-ақ қоғам және азаматтармен қарым-қатынас мәдениетін сақтау бойынша кеңес береді. Сонымен қатар еңбек тәртібін және ішкі қызметтік этиканы сақтау бойынша мониторинг жүргізеді, құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, туындаған мәселелерді бейбіт жолмен шешуге көмектеседі, мемлекеттік қызметшілер мен басқа да азаматтарға жеке қабылдаулар ұйымдастырады.

Бүгінде мемлекеттік қызметке қойылатын талаптар артты. Халық сенімі – ең басты құндылық. Осы сенімді ақтау үшін әрбір мемлекеттік қызметші өзінің мінез-құлқына, сөйлеу мәдениетіне, сырт келбетіне, тіпті әлеуметтік желідегі жазбаларына да жауапкершілікпен қарауы тиіс. Демек әдеп нормаларын сақтау – әрбір мемлекеттік қызметшінің парызы.

Құрметті мемлекеттік қызметшілер, тәртіп пен әдеп табысты жұмыстың кепілі екенін ұмытпайық. Әрқашан сыпайы, әділ әрі жауапты болайық!

**Ф.ИСМАГУЛОВА,**
Маңғыстау облысы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі.


БАСПАСӨЗ-2026

«МАҢҒЫСТАУ»

газетіне жазылу науқаны жүріп жатыр

«Халық» және «Каспий» қосымшасы арқылы онлайн жазылуға болады

Туған өлкеңіздің үнін жеткізетін – «Маңғыстау» газеті!

«МАҢҒЫСТАУ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ

| Жазылу түрлері | Редакция арқылы жазылу бағасы | «Қазпошта» АҚ арқылы жазылу бағасы | Индекс |
|---|---|---|---|
| Заңды тұлғалар үшін 1 жылға | 16 370,00 | 25 881,96 | 15492 |
| Жеке тұлғалар үшін 1 жылға | 8 185,00 | 12 947,52 | 65492 |


## «СП АРМАН» ЖШС ЖОБАЛАР БОЙЫНША ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗЕТІНІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ:

«2026–2028 жж. арналған «СП Арман» ЖШС бойынша атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындыларының нормативтері жобасы. Түзету»,, «2026–2028 жж. арналған «Арман» кен орнында «СП Арман» ЖШС-нің қалдықтарды басқару бағдарламасы. Түзету», «2026–2028 жж. арналған «Арман» кен орнында «СП «Арман» ЖШС-нің өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы. Түзету», ЖШС ««СП «Арман» ЖШС мұнай магистральдық құбырлар жүйесіне («ҚазТрансОйл» АҚ) құбырды қосу» жобасы, 2026–2028 жж. арналған «СП «Арман» ЖШС-нің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары

**Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары:**
45024’29”с.ш 51041’16” в.д.
45026’55”с.ш 51048’34” в.д.
45025’18”с.ш 51049’42” в.д.
45022’53”с.ш 51042’25” в.д.

Тыңдаулар 2025 жыл 23 желтоқсан сағат 11:00-де өтеді.

**Өткізу орны:** Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шебір а. о., Шебір ауылы, ауылдық клуб ғимараты

**ZOOM платформасы арқылы онлайн қосылуға сілтеме:**
https://us05web.zoom.us/j/81870101203?pwd=6siUMUq9NanAOJxhU5z0YsauiC4rSn.1

**Конференция идентификаторы:** 818 7010 1203

**Кіру коды:** 6yLHkU

**Тұтынушы:** «СП Арман» ЖШС, Ақтау қаласы, 12-ш/а, 79/4 ғимарат. тел: 8(7292) 202800, 8(7292) 202819. БСН: 940740000832

**Жобаны әзірлеуші:** ЖК Т.Г.Пушинка, телефон: +7 702 2496442. e-mail: ecolog-pushinka@mail.ru, «KJS Project & Consulting» ЖШС, тел: +7 (7292) 55 00 53, эл.почта: kjs_project@inbox.ru

Құжаттама https://ndbecology.gov.kz порталында және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/ интернет-ресурста

Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: azamat.abuov@san-a.kz

Ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz, және электр. ЖАО мекенжайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

№584

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**«СП АРМАН» ЖШС ЖОБАЛАР БОЙЫНША ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗЕТІНДІГІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ:**

««СП Арман» ЖШС мұнай магистральдық құбырлар жүйесіне («ҚазТрансОйл» АҚ) құбырды қосу» жобасына ҚОҚБ.

**Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары:** 45.314264, 51.651621;

Тыңдаулар 2025 жыл 23 желтоқсан сағат 15:00-де өтеді.

**Өткізу орны:** Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы, ауылдық клуб ғимараты.

ZOOM **платформасы арқылы онлайн қосылуға сілтеме:** :
https://us05web.zoom.us/j/89733939044?pwd=LhUjMtUoT7k0AkyjL43jX2v7tbrWao.1

**Конференция идентификаторы:** 897 3393 9044

**Кіру коды:** W17CYr

**Тұтынушы:** «СП Арман» ЖШС, Ақтау қаласы, 12-ш/а, 79/4 ғимарат. тел: 8(7292) 202800, 8(7292) 202819. БСН 940740000832

**Жобаны әзірлеуші:**«KJS Project & Consulting» ЖШС, тел: +7 (7292) 55 00 53, эл.почта: kjs_project@inbox.ru

Құжаттама https://ndbecology.gov.kz порталында және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/ интернет-ресурста

**Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі**: azamat.abuov@san-a.kz

Ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz, және электр. ЖАО мекен-жайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

№586

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау МКБ 28.11.2025 жылдан бастап 5 жұмыс күні бойы Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Өмірзақ кенті мекен-жайы бойынша орналасқан «ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы Техникалық көлік және арнайы техникалық цехы қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Ескертулер мен ұсыныстарды беру үшін жобалық құжаттама пакетімен https://ndbecology.gov.kz/ сайтының жарияланған қоғамдық талқылаулар бөлімінде танысуға болады.

Бастамашы: «ҚазТрансОйл» АҚ ММҚБ, Ақтау қаласы, 8-шағын аудан, 38 «Б» ғимарат, электронды мекен-жай: Aidayeva-E@kaztransoil.kz, тел. 8(7292)479331.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ҚазТрансОйл» АҚ «ЗӘО» филиалы, Астана қ., М.Ғабдуллин к., 2, электрондық мекен-жай B.Sarsembaeva@kaztransoil.kz, тел. 87714129959.

«ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау МҚ Б28.11.2025 жылдан бастап 5 жұмыс күні бойы

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Өмірзақ кенті мекенжайы бойынша орналасқан «ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы Апаттық-қалпына келтіру пунктінің«Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Ескертулер мен ұсыныстарды беру үшін жобалық құжаттама пакетімен https://ndbecology.gov.kz/ сайтының «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

Бастамашы: «ҚазТрансОйл» АҚ ММҚБ, Ақтау қаласы, 8 шағын аудан, 38 «Б» ғимарат, электрондық мекенжай:Aidayeva-E@kaztransoil.kz, тел. 8(7292)479331.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ҚазТрансОйл» АҚ «ЗӘО» филиалы, Астана қ., М.Ғабдуллин к., 2, электрондық мекен-жай B.Sarsembaeva@kaztransoil.kz, тел. 87714129959.

№588


"МАҢҒЫСТАУ МЕДИА" ЖШС
ЖАРНАМА БӨЛІМІ

8 7292 20 48 42 | жұмыс уақытында

8 778 145 90 93 | тәулік бойы қосулы